

# Жидебай



Орындаған: 1 нег. ФО-1 Муратова Жулдыз.

## Жидебай – Абайдың ата қонысы.

Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан қалың қорық, шұрайлы жер. Жидебайды Тобықты руының Жігітек атасы мекен еткен. 19 ғасырдың орта тұсында Жидебай, Борсықбай, Барақты - аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы иемденіп, қыстау салдырған. 1850 ж. Құнанбай Жидебайдан 15 шақырым жердегі Ескі Там қонысына медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай 8 жасынан бастап осы медреседе оқып сауат ашқан. 1880 ж. Абай Жидебайда өз қаражатымен жаңадан медресе салдырған. Құнанбай қажы дүние салған соң, 1885-91 ж. Жидебай қонысы Құнанбайдың Ұлжаннан туған баласы Оспанның еншісіне тиген. 1891 ж. інісі Оспан қайтыс болғаннан кейін қыстау Абай иелігіне көшкен. Қазір мұнда ақынның мұражай-үйі жұмыс істейді. Жидебай Еуразия материгінің орталығы, нақ ортасы болып есептеледі





# Жидебай кесенесі



Авторы, құрылысшысы, тарихи құрылуы жайында мәлімет жоқ. А. Итенов басқарған «Казпроектреставрация» сәулетшілер институтының тобымен зерттелген. Жидебай кесенесі Нұра өзенінен 50 шақырым жерде орналасқан. Күмбезді, кірпіштен жасалған, кірпіштің өлшемі 32x21x7см. Қабырға қалыңдығы -82см. Кіреберіс төмен орналасып, оңтүстікке бағытталған.



Кесенеден 50 шақырым жерде, батыс жағында құлпытас орналасқан, гранитті тастан жасалған. Тас өлшемі - 40x9см., биіктігі - 1,50м. «Кожа-Назар 1575-1645 улы ДОС батыр немересі. Кожа-Назар улы Жидебай батыр ескерткіш орнату - Шауранғыс Еултангуров Жомартбек» деген сөздер тасқа ойылып жазылған.

# Суреттер






## Жидебай ауылы.

Қасиетті Жидебай. «Абай жолындағы» есімі ежелден етене таныс атаулар. Әйгерімнің бұлағы, Еңлік пен Кебектің мәңгілік дамылдаған жері, жасырынған үңгірі, Күшікбай бұлағы, бәрі-бәрін бізге таксиде қатар жайғасқан абайлық апай көрсетіп, түсіндіріп келеді. Жидебайға түс ауа жеттік біздер. Қазір мұражайға айналдырған үйде Хакім Абай ғұмырының соңғы он жылын өткізіпті. Әкесі Құнанбай қайтыс болған соң бұл жерге інісі Оспан иелік жасайды.





# Абайдың Жидебайда өткен күндері



**Назарларыңызға  
Рахмет!**